

**1996 жылғы 16 қазандағы N 145-П "Уақытша сақтау туралы ережесін бекіту туралы" Бұйрығына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Кеден комитетінің 1996 жылғы 30 шілдедегі N 152 бұйрығы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1996 жылғы 19 тамызда тіркелді. Тіркеу N 20. Күші жойылды - ҚР Кеден комитеті төрағасының 1996 жылғы 14 қазандағы N 202-П бұйрығымен. ~V960024

Қазақстан Республикасы аумағына импортталатын тауарларға кедендік бақылауды жетілдіру, қазақстандық тұлғалардың аяқталмаған қаржы шығындарын болдырмау, тауар айналымын жеделдету мен импорт тауарларын ресімдеу үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

Кеден комитетінің 1996 жылғы 16 қазандағы N 145-П бұйрығымен бекітілген "Уақытша сақтау туралы (уақытша сақтау қоймалары туралы)" ережесіне толықтырулар енгізілсін:

1. 6 баптағы 6.1. тармағында "Қазақстан Республикасы кеден шекарасы арқылы өткізілетін кез келген тауарлар мен көлік құралдары ..." сөздерінен соң " N 5 қосымшаға сәйкес тауарларды қоспағанда" сөздері қосылсын.

Уақытша сақтау қоймаларына орналастырылмайтын тауарларды кеден мекемелері көлік, құралынан түсіретін кезде не көлік ұйымдарының қоймаларында ресімдейді не олар кәсіпорындардың қоймаларына тиісті заңды тұлғаның жауапты түрде сақтауға заңдармен белгіленген мерзімдерде кедендік ресімдеу процедураларын орындауы туралы кепілдемесі бар болса, кедендік қамсыздандырумен орналастырылады.

2. N 145-П Бұйрығы "Уақытша сақтау туралы (уақытша сақтау қоймалары туралы)" ережеге N 5 қосымшамен толықтырылсын.

"Уақытша сақтау  
туралы (уақытша  
сақтау қоймалары  
туралы)" ережеге  
N 5 қосымша

Уақытша сақтау қоймаларына орналастыруға  
жатпайтын импортты тауарлардың

## ТІЗБЕСІ

- баждар және салықтар салынбайтын, көлік құралынан түсіретін кезде ресімделуі мүмкін болатын тауарлар;

- өнеркәсіп кәсіпорындарында кеден күзеттері, бақылау пункттері не өкілетті қызметкерлер жұмыс істейтін болса, кіретін жолдары, тұйық темір жол бұрылыстары, қоймалары бар осы кәсіпорындардың мекен-жайына түсетін тауарлар;

- кедендік ресімдеуі қысқа мерзімде (3 тәулікке дейін) аяқталуы мүмкін тауарлар;

- тез бүлінетін тауарлар және уақытша сақтау қоймасының жағдайларынан ерекшелінетін сақтаудың ерекше жағдайларын қажет ететін тауарлар".

Төраға

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Пірімұхамедова Ұ.А.